

3

Сөнбес сәуле



4

Білім ордасының белесі



Сыр бойы

5 қараша, сейсенбі 2024 жыл

№170 (20844)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

САПАР

ЕКІЖАҚТЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ АРТАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Шанхайда Қытайдың жетекші компаниялары өкілдерімен кездесіп, нәтижесінде жалпы құны \$2,5 млрд болатын келісімге қол қойылды.

ҚР Үкіметінің басшысы Олжас Бектенов Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында бизнес өкілдерінің қатысуымен өткен Қазақстан-Қытай инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты.

Жұмыс сапарының басты мақсаты – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин арасындағы екіжақты тауар айналымы көлемін өткен жылғы \$41 млрд деңгейіндегі тарихи рекордтан екі есеге арттыру жөніндегі уағдаластықтарды жүзеге асыру.

Дөңгелек үстел жұмысына металлургия, энергетика, машина жасау және автомобиль өнеркәсібі, көмір химиясы, агроөнеркәсіп кешені, фармацевтика және басқа да салалар бойынша көшбасшы компаниялар өкілдері қатысты.

Экономиканың басым салаларында бірлескен жобаларды дамыту перспективалары қаралды. Кездесуге қатысушылар ҚР мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық әріптестік артып келе жатқанын атап өтті. Бүгінде Қазақстанда 5 мыңға жуық бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істеп келеді.

Қазақстан-Қытай бірлескен ірі жобалары қатарында Camc Engineering компаниясымен бірлесіп қалыңдандырылған сода өндіру зауытын, Tianjin Cement Industry Design and Research Institute-пен «Састөбе» химиялық кешенін және Yunnan Industrial Explosive Group-пен жарылғыш заттар өндіру зауытын салу



жобасы бар. Қуаты 90 мың бірлікті құрайтын, толық шағын торапты құрастыруға негізделген CHANGAN, HAVAL, CHERY автокөліктерін шығаратын зауыт құрылысы аяқталуға жақын. Сондай-ақ Geely, Exeed, KAIYI жеңіл автомобильдерін өндіру бойынша 1 мың жұмыс орнын құра отырып, \$150 млн сомаға инвестициялық келісім жасалды. Жобалар жоғары сапалы отандық өнім өндіруге қабілетті технологиялық кәсіпорындар құруға мүмкіндік

береді. Бұл көрсеткіштер, екі елдің бизнес-қауымдастықтарының пікірінше, екіжақты әріптестіктің орнықтылығы мен өнімділігін растайды. ҚР Үкіметінің басшысы аталған бағыттағы бірлескен жұмыс жалғасып жатқанын, сауда қатынастарының қолда бар әлеуеті тауар айналымын одан әрі әртарапандыру және инвестициялық өзара іс-қимылды кеңейту келешегін көрсететінін атап өтті.

«Екі ел арасындағы ынтымақтастық жоғары қарқынмен дамып келеді. Жоғары деңгейде қойылған міндетке сәйкес, біз жақын арада өзара сауда көрсеткіштерімізді екі есеге арттыруға ниеттіміз. Қазақстан мен Қытайдың бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда зор әлеуеті бар. Біз өзара іс-қимылдың жаңа көкжиектерін ашып, ынтымақтастықтың тиімділігін бірге арттыра аламыз. Бұған қол жеткізу үшін транзиттік мүмкіндіктерді кеңейту, өнеркәсіптік кооперацияны нығайту және біздің іскер топтар арасында байланыс орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізілуі қажет. Қазақстан Үкіметі әріптестікті кеңейтуге және мемлекеттеріміз арасында берік көпір құруға дайын. Біз инвесторларға қолдау көрсетіп, бизнеске қолайлы жағдай жасаймыз және әр жобаның табысты болуына ықпал етеміз. Біздің бірлескен күш-жігеріміздің арқасында жаңа инвестициялық бастамалар экономиканың нақты секторын дамытуға, оны әртарапандыруға және азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға қуатты серпін беретініне сенімдіміз» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр өнеркәсіпті дамыту ел үшін маңызды басымдық екеніне тоқталып, қытайлық компанияларды қазақстандық бизнес-қоғамдастықпен тығыз әріптестікке шақырды.

Диалог барысында Қытайдың жетекші компаниялары өкілдері Қазақстанға стратегиялық жобаларды іске асырудағы сенімді серіктес ретінде қызығушылық танытты. Кездесу нәтижесінде жалпы сомасы \$2,5 млрд болатын 8 коммерциялық келісімге қол қойылды.

Primeminister.kz

МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

ХАЛЫҚТЫҢ АМАНАТЫН АРҚАЛАУ – АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Мәслихат – өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және мәслихат регламентіне сәйкес жүзеге асыратын, халық сайлайтын және оның өкілді бiлдiретiн жергiлiктi өкiлдi орган. Биылғы жыл мәслихат депутаттары мен сайлаушылар үшін ерекше жыл! Өйткені, ел дамуына айрықша сүбелі үлес қосып келе жатқан өкілді органның құрылғанына 30 жыл толып отыр. Өткен 30 жыл жергілікті мәслихаттар үшін шын мәнінде жемісті жылдар болды.

2-бет

ҚАЛАҒА ҚАРАСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР маңызды науқанды қорытындылады

Қызылорда қаласына қарасты ауыл шаруашылығы құрылымдары өгін-терім науқанын табысты аяқтады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артты. Түрлі дақылдардан жиналған өнім көлемі жоғарылады. Осылайша диқанның ала жаздайғы бейнеті ақталды.



Фото: Аманжолбек

Қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, биыл 8298 гектарға өгін егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш 3856, бидай 368, кант құмайы 40, жаздық арпа 2, жаңа жоңышқа 286, ескі жоңышқа 1297, картоп 130, көкөніс 1329, бақша дақылдары 990 гектар.

– Бүгінде ауыл шаруашылығы дақылдары толық жиналды. Күріштен жоғары өнім алынды. Оның әр гектарынан орта есеппен 51,5 центнер өнім жиналып, 19858 тонна астық күйілді. Сондай-ақ бидайдан 379,

арпадан 3 тонна өнім алынды. Шаруашылық құрылымдары бойынша 7098 тонна малазықтық жоңышқа жиналды. Айтақтерлікте, биыл жоңышқадан өнім жоғары болды. Былтыр орта есеппен 35,1 центнерді шамаласа, биыл 44,8 центнерге жетті. Оған қоса картоптан 1625, көкөністен 16612,5, бақша дақылдарынан 13464 тонна жиналды. – деді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков.

2-бет

«ЕҢ ҚИЫН СӘТТЕ КӨМЕККЕ КЕЛЕМІЗ»



Бұл – «Апаттар медицинасы орталығы» Әйтеке би трассалық медициналық құтқару пунктінде фельдшері Бақытжан Ықыласовтың айтқаны. Бетін әрмен қылсын, адам баласына ең қиын сәт – өміріне қауіп төнген уақыт. Көбіне жол-көлік оқиғасында болатын қиындықтар кезінде адам жанынан табылатындардың бірі – медицина мамандары. Өз мамандығын жүргізіп жатқан кәсіпкер, жауапкершілігін толық сезіне білетін мамандар мұндайда құстай ұшып, оқиға орнына жетеді.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

жекелер үшін – 4000 теңге,

мекемелер үшін – 5000 теңге

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖҮК КӨЛІГІН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қарағанды облысының Саран қаласында жүк көлігін шығаратын зауыт салынады. Кеше Шанхайда Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің қатысуымен өткен дөңгелек үстелде осындай келісімге қол қойылды деп жазады Egemen.kz.

Енді Қазақстан-Қытай бірлесіп жүк көлігін шығаратын кәсіпорын құрылысын бастамақ. Зауыт жұмысын сәтті бастаса, 1,5 мың адамға жаңа жұмыс орны ашылмақ.

«Бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды. «Саран» индустриялық аймағының базасында жүк және коммерциялық техника өндіретін жаңа зауыт салынады. Сондай-ақ біз жаңа дәнекерлеу, катафорез, бояу және шағын торапты құрастыру үшін заманауи жабдықтар сатып аламыз. Жас инженерлер Қытайда қолданылатын жаңа дағдыларды игеру мүмкіндігін иеленеді» деді бірлескен жобаның жетекшісі Арғұлан Майконов.

ЭКСПОРТ: 10 АЙДА 2 МЛН ТОННА АСТЫҚ

Қазақстан құны 19,5 млн доллар болатын ауылшаруашылық өнімін экспорттайды. Бұл туралы 24.kz хабарлады.

Қазір бұл бағытта Азық-түлік корпорациясы, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай елдерімен келісім-шартқа қол қойды. Жалпы елде отандық өнімдерді шетел нарығына шығару бағытында кешенді жұмыс жүріп жатыр. Нәтижесінде бір ғана Иранға 150 мың тонна арпа жіберілген. Ал 10 айда шаруалар 2 млн тоннадан астам астық сатқан. Бұл былтырмен салыстырғанда 40 пайызға көп.

ҚАЙРАН АУЫЛ...

Елімізде бір жылда 78 ауыл жабылған. Ұлттық статистика бюросының есептеуін 24.kz хабарлады.

Бытыр республика бойынша 6286 ауыл тіркелген болса, биылғы саны – 6208. Ал кейінгі 10 жылда 500-ден астам ауыл жабылып отыр. Есептеулер бойынша, қазір халықтың 38%-ы, яғни 7,5 млн адам ауылда тұрады.

441 МЛН ТЕҢГЕ АЙЫППҮЛ ТӨЛЕГЕН

Биыл ұсақ бұзақылық жасаған 4,5 мың адам қамауға алынғаны туралы ІІМ Ақпараттық саясат департаментінің басқарма бастығы Бауыржан Максимовтің мәлімдемесін «ҚазАқпарат» келтірді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл осындай құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілді. Егер мұндай әрекеттер бірінші рет жасалса, онда сот 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе 20 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға құқылы. Бұзақылық әрекеттер қайталанып жасалған жағдайда құқық бұзушы әкімшілік қамауға алу үшін мерзіміне – 30 тәулікке дейін қамауға алынатын болады» деді басқарма бастығы министрлікте өткен брифингте.

Бауыржан Максимовтің дерегіне, жыл басынан бері ұсақ бұзақылықтың 16 мыңнан астам фактісі тіркелген. «4,5 мың құқық бұзушы қамауға алынып, 7 мың адамға 441 млн теңгеге айыппұл салынды. ІІМ «заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырып жатыр. Азаматтарды заңды және қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамыз» деді ол.

Валюта бағамы

\$ 488,11 kzt

€ 530,09 kzt

₺ 5,01 kzt

Ауа райы

+0° +10°

+9° +11°

ЖЫЛ МЕЖЕСІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бюджет қаржысын игеру, құрылыс жұмыстары, жылу маусымының барысы талқыланған жиын өтті. Басқосуға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, қала, аудан әкімдері, жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі белгіленген тапсырмалардың орындалуына тоқталып, межелі көрсеткішке қол жетпеген жағдайда жауапкершілік бірінші басшылардан сұралатынын ескертті.

– Жыл соңына дейін бюджет қаражатын тиімді игеріп, нақты бағыттарға жұмсау қажет.

Биыл аяқталатын құрылыс нысандарындағы жұмысты бақылауға алыңыздар. Мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болып, құрылыстың басына барып, тексеріп тұрыңыздар. Бірінші әрі басты талап – сапа, сосын жұмысты мерзімінде аяқтау керек.

Жылумен жабдықтауда еш кедергі туындамауы тиіс. Бұған дейін де үнемі айтып келеміз, бірінші кезекте әлеуметтік нысандарды, тұрғын үйлерді үздіксіз жылумен қамтамасыз етіңіздер. Аудан, ауылдарда көмір тапшылығы болмасын, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, жиында көгалдандыруға, абаттандыруға, тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге қатысты тапсырмалар берілді.

/// ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ КУБОГИ

ШАХМАТ: ШЫН МЫҚТЫЛАР СЫНАЛАР СӘТ

Ақыл-ой мен логикалық қабілетті дамытатын шахмат ойыны – әлемде кең таралған спорттың бірі. Облыстың жас шахматшылары халықаралық және республикалық сайыстарда топ жарып, ел намысын қорғап келеді. Осы ретте шахматшылар арасындағы бәсекелестікті қалыптастырып, спортқа деген қызығушылықты арттыру аса маңызды. Классикалық шахматтан Қызылорда облысы әкімінің I ашық кубогы 3-9 қараша күндері аралығында өтеді. Халықаралық жарысқа 80-ге жуық спортшы қатысуда. Олардың арасында Қырғызстан, Беларусь, Өзбекстан, Қазақстанның халықаралық рейтингтегі 10 спортшысы бар.

Қызылорда облысынан 70-ке жуық шахматшы сынға түспек. Үш кезеңді жарыстың А секциясына халықаралық норма бойынша өтеді. Ал В секциясына Швейцария жүйесі бойынша эло рейтингінен жоғары емес шахматшылар қатысады. С секциясы мемлекеттік және бюджет саласы қызметкерлері үшін блиц-турнир түрінде ұйымдастырылады. Кубоктың ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов арнайы қатысып, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді. Саланың даму қарқыны мен әлемдік аренада ел намысын қорғаған спортшылардың жетістігіне тоқталды.

– Өздеріңіз білетіндей, облыс әкімінің тікелей бас-тасымалымен денешынықтыру және спорт саласын дамыту мақсатында Сыр өңірінде биыл 15 спорт кешенінің құрылысы жүргізілсе, оның 9-ы спортсүйер қауымының игілігіне табысталады. Өңірде заманауи үлгіде жасқалған тағы бірнеше спорт кешені ашылатын болады.

Шахмат – ойлау қабілетін дамытатын спорт түрі. Осыған орай, классикалық шахматтан Қызылорда облысы әкімінің I ашық кубогы ұйымдастырылуда. Және үздіктер анықталатын сайыстың жоғары деңгейде өтетініне сенімдімін. Жеңісті күндеріміз көп болсын! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Іс-шарада Қазақстан Шахмат федерациясының вице-президенті Алексей Бобенко сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Айта кетейік, бүгінде облыста 16314, оның ішінде ауылдарда 7189 адам шахматпен тұрақты айналысады, 365 жаттықтырушы жас шахматшылардың шеберлігін шыңдайды.



ҚАЛАҒА ҚАРАСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР МАҢЫЗДЫ НАУҚАНДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ



Фото: Аймақ әкімінің кабинеті

Бөлім басшысының айтуынша, егін жинау жұмыстарына 20 жатқа, 29 комбайн, 83 трактор, 21 трактор тіркемесі және 5 жүк көлігі қатысты. Оған қажетті 202,4 тонна дизель отыны жеткізілді. Жанар-жағармайды жеткізуге «РК Мұнай» және «Жібек жолы ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері белгіленді. Дизель отынының әр литрі 250 теңгеден сатып алынып, ауыл шаруашылығы құрылыстарының қажеттілігіне жұмсалды.

Сондай-ақ алдағы жылдың егісіне қажетті 1080 тонна күріш, 66 тонна бидай, 0,3 тонна арпа, 34 тонна жоңышқа, 8 тонна кант құмайы тұқымдары бар. Олардың барлығы жоғары репродукциялы сапалы тұқым қоры ретінде бағаланады.

Биыл 2900 гектар сүдігер айдау жұмыстарына елі. Қазір бұл жұмыстар жалғасын табуда. Қызылорда қаласы мен оған қарасты елді мекендерде 24922 бас сиыр, 32751 уақ мал, 17393 жылқы, 3170 түйе және 17 мыңнан астам құс есепке алынған. Қала бойынша 1695,1 тонна ет, 2444,7 тонна сүт, 591,4 мың жұмыртқа өндірілді. Ет өндіру 4,2, сүт 0,2, жұмыртқа өндіру 0,9 пайызға көбейген.

Биыл «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша көтерме жәрдемақыға 40,6 млн теңге бөлінген. Сол арқылы 110 маманның арқайсысына 369200 теңгеден берілген. Бөлінген қаржы толығымен игерілген. Ал бюджеттік кредитке 524,2 млн (71 маман) қаралған.

ХАЛЫҚТЫҢ АМАНАТЫН АРҚАЛАУ – АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Тарихқа көз жүгіртсек, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін қоғамды демократияландыру, билік пен халық арасындағы байланысты нығайту мақсатында елімізде өкілді орган – мәслихаттар құрылған болатын. 1994 жылдың 7 наурызында тұңғыш рет мәслихат сайлауы өткізіліп, депутаттардың бірінші сессиясы болды. Міне, осы уақыттан бастап, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының өз тарихы қалыптасты.

Иә, үлкен жүйенің жұмысын жолға қойып, жемісті жүргізілуі үшін отыз жыл тарих үшін қас қағым сәт болғанымен, бүкіл республика үшін маңызды кезең екені анық. Осы жылдар ішінде халық қалаулылары елмен бірге өркендеу мен дағдарыс кезеңдерін бастан өткізіп, демократияны нығайтуда, аймақтық экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарды. Бір мақсат үшін үндескен жергілікті мәслихаттар көптеген игілікті істердің ұйытқысы болып, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында-ақ жергілікті мәслихаттар аймақтың жоспарын, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, жергілікті бюджетті, оның атқарылуы туралы есепті бекіту мен түрлі бағдарламалардың орындалуына бақылау жүргізу құқығын иеленіп, елдің дамуы жолында белделі күшке айналды. Өкілді орган – мәслихаттардың бүгінге дейін сегіз шақырылымы болды. Осы ретте, бүгінгі күнге дейін облысымызда мәслихат хатшысы болған Бақытбек Ермақашов, Алмағұл Божанова, Нұрлан Құдайбергенов, Бекмырза Еламанов, Ақмарал Әлназарова, Қылышбай Бисенов, Наурызбай Байқадамов сияқты тұлғаларымыздың аймақты дамытудағы өзіндік орны мен қолтаңбасы бар екенін айта кету керек. Нағыз халық қалаулысы атану – үлкен жауапкершілік. Өз сайлаушыларының аманатын азаматтық парызы ғана емес, ел алдындағы перзенттік міндетім деп қарап, туған жерінің келешегі үшін аянбай еңбек етіп жүрген халық қалаулыларының бәрін бірдей атап өту де мүмкін бола қоймас. Дегенмен, мерейлі тойдың мезетінде олардың нәтижелі еңбектеріне өз ризашылығымызды жеткізу орынды деп есептеймін.

Міне, бүгінде осы ілгері ізді абыроймен лайықты жалғастыруда облыстық мәслихаттың төрағасы қызметінде мәслихат депутаттарымен бірлесіп отырып, ел игілігі жолында жұмыла еңбек етудеміз. Әрине, халықтың аманатын арқалау – үлкен жауапкершілік.

Кез келген елде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру – саяси даму мен экономикалық өркендеуге жол ашып, тұрғындардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсарту арқылы азаматтық қоғамның қалыптасуына оң ықпал ететін маңызды шарттардың бірі екені сөзсіз. Қай шақырылымның мәслихат депутаты болмасын, қабылданған оң шешімдер мен жасалған ауқымды жұмыстарының нәтижесінде мәслихат тарихында өз қалдыратыны анық. Бұл ретте VII шақырылған облыстық мәслихат депутаттарының да білікті, білімді әрі тәжірибелі азаматтар екендігі рас.

Атап айтсақ, Қызылорда облыстық мәслихатының VII шақырылымында алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жырмыра тоғыз жасқа толмаған жастар үшін 30 пайыздық квота енгізіліп, мәслихаттар сайлауы партиялық тізім бойынша өткен болатын. Облыстық мәслихат бойынша 33 мандат болса, оның «AMANAT» партиясына – 27, «Ақ жол» КДП – 3, «Ауыл» ХДПП – 3 мандат саны бөлінді. Облыстық өкілді органдағы халық қалаулыларының құрамында 2 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаты, 5 магистр болды.

Осы уақыт аралығында облыстық мәслихат депутаттары еліміздің, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған жергілікті биліктің барлық игі бастамаларын қолдап, бірлесіп жұмыс атқарды және өздерінің өкілеттік шенберінде түрлі өзекті мәселелерді шешуге ықпал етті.

Өткен жылдың 19 наурызында VIII шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауының өткені белгілі. Облыс бойынша барлық деңгейдегі мәслихатқа 152 мандат белгіленіп, бүгінгі таңда оның 32-сі облыстық

мәслихаттың еншісінде. 16-сы партиялық, 16-сы мажоритарлық жүйе бойынша сайланды. Ал қалалық мәслихатқа 23, аудандық мәслихаттарға 97 мандат берілді. Мәслихаттың алғашқы сессиясында мәслихат төрағасы мен тұрақты негізде жұмыс жасайтын 2 тұрақты комиссияның төрағалары мен мүшелері сайланды.

Әрбір сессия отырыстарында маңызды шешімдер қабылданып, ол өңірдің әлеуметтік жағдайын түзеуге ықпал етті. Елдің ілгері дамуы үшін еңбек ететін органның назарынан қоғамдағы өткір мәселелер мен халықтың талап-тілегі ешуақытта тыс қалған емес.

Мәслихат жергілікті өзін-өзі басқару саласында маңызды рөлге ие. Ол – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын сенімді саяси институт.

Өздеріңізге белгілі, барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының форумында да ел Президенті биліктің маңызды тармағы ретінде мәслихаттардың айрықша ролін атап өтті. Сондықтан, Президенттің бастамаларын табысты іске асыру – біздің ортақ жауапкершілігіміз.

Депутат халықтың өкілі десек, осы ретте өңіріміздегі өзекті мәселелердің шешілуіне атсалысып, халықтың мүддесі үшін қызмет етіп, аймақ дамуына сүбелі үлес қосып жүрген облыстық мәслихат депутаттарының еңбегі өте зор. Олар Сыр өңірінің өркендеуі мен дамуына бағытталған шешімдерді қабылдап қана қоймай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауларында міндеттелген тапсырмалардың, елімізде қабылданған түрлі бағдарламалардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз, аймақ дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Соның 2 жарым жылдың ішінде Қызылорда облысы орнықты даму индикаторлары бойынша жоғары көрсеткіштерге ие. 2022 жылы облыс бюджеті 364 млрд теңгені құраса, бүгінде бюджет көлемі екі еседен асып, яғни, 744 млрд теңгеге жетті. Бұл облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев пен жергілікті атқарушы органдардың үлкен қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін атап өткеніміз жөн.

Депутат – халықтың атынан сөз сөйлеуге өкілеттілік алған, елдің игілігіне қызмет етуші. Сондықтан депутат болу – абырой мен мәртебе ғана емес, халық алдындағы жауапкершілік пен зор сенім.

Қазақта «Қайырымды істің қайыры мол» деген сөз бар. Бүгінге дейін қаша жанын алғысын алып, әр бастамаға тек қолдау білдіріп, әрдайым жақсылық пен жанашырлықтың басында жүрген облыстық мәслихат депутаттары жұмыс барысында белгілі бір мәселемен келген сайлаушыларына ғана емес, сонымен қатар, облыс аумағындағы ардагерлерге, мүгедектерге, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үнемі өз қаражаттары есебінде де қайырымдылық демеушілік көмек көрсетіп келеді.

Су тасқыны кезінде де депутаттар көмек қолын созып, бір кісіді жұмылып, тілеусіз болып, елдігіміз сынга түскен, сынған шақта ауызбірлік пен елдікті көрсете білді.

Иә, мәслихаттардың 30 жылдығы өткен істерге марқайып, жинаған іс-тәжірибені бағамдай ой қорытып, есеп беретін кезең ғана емес, бұл – алға ауқымды жоспарлар жасап, әлеуметтік дамудың болашақ бағыт-бағдарларын айқындайтын жауапты уақыт. 30 жылдың ішінде құрамында әртүрлі салада еңбек ететін халық қалаулылары бар облыстық мәслихат өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірінде маңызды істердің жүзеге асуына зор үлесін қосты деп айта аламыз.

Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар аз емес. Сондықтан, маңызды мәселелерді ел игілігі үшін тиімді шешу жолында мақсат пен мүдденің ортақ болғаны абзал.

Осы ретте, барша әріптестерімді Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығымен құттықтай отырып, облысымыздың дамуына, ел тәуелсіздігінің тұғырлы және мәслихаттардың ролін көтеруге еңбектеріңіздің әрдайым табысты болуына тілектеспін.

Халық қалаулысы деген абыройлы мәртебеге лайықты болып, еліміздің өркендеуі жолындағы маңызды шешімдер қабылдайтын қызметте облыстық мәслихат депутаттары осы бағыттағы жұмыстарды қарқынды түрде жалғастырады деп сенім білдіремін.

Мұрат ТІЛЕУІМБЕТОВ,
Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

НҰРДІЛДӘ УӘЛИЕВТИҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ


1985 жылдың шілде айында Нүрекен зейнетке шыққан Қалқабай Әбенәтұлының орнына қазіргі «Сыр бойы», сол кездегі «Ленин жолы» газетіне бас редактор болып тағайындалды. Арда бір-екі ай өткенде сол газетте корректорлық (бұл техникалық қызмет болып саналады) жұмыста жүрген мені жаңа бас редактор газет аппаратына – тілшілік қызметке тағайындау туралы бұйрыққа қол қойған еді. Ол кезде облыстық партия комитетінің органы, облыс түгел есімдері республикаға танымал адуынды қаламгерлермен «Ленин жолында» қатар қызметтес болу мен үшін үлкен абырой, сонымен бірге үлкен сын еді.

...2011 жылдың ақпаны. Арда 26 жыл өткенде азы-көпті жетістіктерімді бағалап, тәжірибесіздіктен жіберген кемшіліктерімді кешіре білген, тіпті отбасымен де аралас болған абзал азаматты соңғы сапарға шығарып салу рәсімінде облыстың зиялы қауымы алдында сөз сөйлеу кезегі маған да (сол кездегі қызметіме сәйкес) тиген еді. Бұл енді менің пайымдауымша, әке мен баланың, ұстаз бен шәкірттің, ширек ғасыр ішіндегі қалыптасқан ұрпақтар сабақтастығының сирек кездесетін тағдырдың жазуымен келген өмір заңдылығының сәйкестігі еді. Абзал азаматпен қимай қостастық. Ақпанның ызғарлы, өнменді тәсіп жіберетіндей аязды өкпек желіне қарамастан қаралы митингіге көп адам жиналды. Бұл елдің, Сырдың белгілі азаматтарының ол кісіге деген үлкен құрметі болатын. Нүрекенді осылайша соңғы сапарына шығарып салдық. Сол сәттен бері он үш жылдан астам уақыт өтті, сағыныш сезімі бізді өткен ғасырдың 80-жылдарының бел-белестеріне қарай жетектей жөнелген еді...

Өткен ғасырдың 80-жылдары облыстық газетте үлкен өзгерістер кезеңі болды. Жаңа редактор жұмысын редакция аппаратын жанартудан, жақсартудан бастады. Зейнетке шыққандар қатары жас толықмен – Оразбек Мәсқұтұлы, Қазі Данабаев, Қуаныш Махамбет, Жолтай Әлмашұлы, Несібей Рахмет, Сәрсенқұл Бижоба секілді оқырмандарға есімдері танымал бола бастаған қаламгерлермен толықты. Сол жылдары «Ленин жолында» үш бұрын ұрпақтың өкілдері қатар қызмет істеді. Нүрекен қаталдау келді. Обкомның темірдей тәртібіне әбден қалыптасып кеткендіктен бе, әлде табиғи жаратылысынан ба, әйтеуір Нүрекеннің тәртібіне бағыну дегеннің уақыт өте келе жалпы дүрыс жүру, орнымен сөйлеу, орнықтылық, ұстамдылық сияқты ұғымдармен сабақтас екенін біз санамызбен түсінді, қабылдай бастаған едік. Себебі осылардың барлығы Нүрекеннің бойына жаратылысынан сіңісті болған қасиеттер еді.

Нүрекеннің бас редакторлық қызметі Кеңес жүйесіндегі қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келді. Жетпіс жылдың ішінде қатып-сепіп қалған идеологияның мазмұны мен сипаты өзгеріп жатқан осынау алмағайым тұста насихаттың бағыт-бағдарын айқындап алудың өзі қиынға түсті. Көпшілігі неінің не екенін түсінбейтін дағдарды. Қайта құру мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде басшыларды балама кандидатуралар ұсынып, ұжым мүшелерінің сайлауына ұласты. Демократия шаруына өтетін жияндар кейде даурықпаға айналды. Мекемелер мен кәсіпорындарда Компартия қатарынан өз еркімен шығу үрдіске айнала бастады. Әрине, осылардың барлығы газетте көрініс табуы қажет еді. Себебі газет өмірдің айнасы, елде, қоғамда жүргізіліп жатқан, қалың жұртшылықтың санасы әлі қабылдай қоймаған өзгерістерді оқырман Нүрекеннің өзі басшылық жасап, сол жылдары таралымын 60 мың данаға жеткізген облыстық жалғыз газетіне күтуші еді.

Бас редактор бұл тұрғыда байыпты көзқарас ұстанды, демократияның бұймен желінігендердің үстірт ойларына сақтықпен қарады. Шындығын айту керек, ұзақ жыл партия номенклатурасының үлкен сатыларында лауазымды қызметтер атқарған Нүрекеннің сол жылдары қоғамдық пікірде орныға бастаған «бюрократтық» дейтіннен болмысы таза еді. Ол адамның ішкі жан дүниесін танып, ақ пен қараны, жанашырлықтан туған ізгі ниет пен даудамайға үйірсектердің өз басын күйттейтін іс-әрекеттерінің ара-



Өмір, тағдыр дегенің қызық қой, кейде болжамаған, өз ақыл-ойыңмен зерделеп өткізуге қабілетің жетпейтін таңғажайыптарды алдыңа тоса салатыны бар. Нүрекен, Нұрділдә Уәлиұлы туралы жазуға қолыма қалам алғанда ол кісімен араласқан, жақын жүрген, көңіл сырын ақтарған ширек ғасыр ішіндегі бір сәйкестік есіме еріксіз орала кеткенім қайтерсіз. Ал тағдырдың бұл сәйкестігі менің ол кісінің азаматтық, адами болмысына деген сағыныш сезімімді туғызған еді.

Сөнбес сәуле

жiгiн ажырата бiлдi. Сонымен бiрге дұрыс жерiнде бас редактор ретiнде өзiнiң принциптi көзқарасын бiлдiрiп, газетке өткiр-өткiр сын материалдардың жариялануына ықпал жасады. Бас редактордың облыс өнiрiндегi үлкен беделi бiздiң – жастардың еркiн жазып, еркiн тыныс алуымызға едәуiр септiгiн тiгiзгенiн атап өткiм келедi. Ол тәжiрiбесiздiктен жаңсақ басқан журналистердi «аузы алты қарсы» лауазым иелерiнiң алдына қығып бермейтiн, сонымен бiрге оңашада әлгi журналистi сыпайы ғана «сыбап» алатын едi. Нүрекен қаламгерлер арасындағы өзiндiк ой-пiкiрi, ұстанымы барларға iштей, сырт көзге сезiрмей құрметпен қараса, бiрлi-жарым болса да кездесiп калатын жағымпаздардан бойын аулақ ұстады. Сондықтан болар, бас редактордың кабинетiне шақырусыз ешкiм кiре бермейтiн. Кiре қалғанның өзiнде көпшiлiгi ол кiсiнiң қас-қабағынан қаймығатын, әңгiме тыңдауға күлiнбес редактор мұндайларды үнсiз қалып сiлесiн қатыратын едi. Ол редактор ретiнде алдымен газеттiң қам-қарекетiн, абыройын ойлайды, одан соң ұжым мүшелерiнiң жай-күйiне назар аударды, лауазымының жеткен жерiне дейiн, сөзiнiң өткен жерiне дейiн барып айтты, көмегiн, қамқорлығын аяп қалған емес. Осынымен ол өзi басшылық еткен ұжымда беделдi болды, абыройын асырды. Оны таза, iсi таза, қолы таза басшы жүредi, тұрасын айтады. Бiз бiлетiн Нүрекен осындай басшы, осындай редактор болды. Өзi әдiл болған соң, кейбiреулердiң ретсiз жалбақтағанын, жарамсақтанғанын ұнатпайтын, жирене қарайтын.

Әрине, әлгi айтқан 80-жылдары «Ленин жолында» сол жылдардың сипатына, мазмұнына тән интригалар да болмай қалған жоқ. Билiк жүрген жерде орын алатын сөз тасу, көреалмаушылық, жеке басты күйттеушiлiк дегендер Нүрекендi де қадiмгiдей төзiмдiлiкке сынап беккен едi. Сол жылдардағы обкомның бiрiншi хатшысы Еркiн Әуелбековке Нүрекендi жамандап, аузынан шықпаған сөзiн «айтты» дегiздiрген келеңсiздеу, кiсiнiң жүйкесiн тоздыратындай қолайсыз әңгiмелер де болды. Ақыры мұның соңы редакция алқа мүшелерiн обкомның бiрiншi хатшысы Еркiн Нұржанұлының қабылдау сәтiнде көпшiлiк алдында ескертiп жасауымен аяқталған едi. Бiрiншi хатшы бас редакторға:

«Вы, осторожнее на поворотах...» дегенде, Нүрекен жүрiс-тұрысы, болмысы сағат тiгiнде сарт-сұрт еткен мiнезiнен таймай табан астында: «Еркiн Нұржанович, я и на прямом пути осторожен» деп мұлгiген тыныштықты өзiнiң таза, шын пейiлден шыққан сөзiмен бұзып жіберген едi. Осы жолы бiрiншi хатшы бас редактордың шынайы болмысын танып-бiлдi. Обком хатшысы мен бас редактордың арақатынасына сына қакқысы келгендердiң пығылы iске аспай қалды.

Жалпы, Еркiн Нұржанұлы кейiн Нүрекеннiң азаматтығына тәнтi болды. Мәскеуге Жоғарғы Кеңес депутаты болып кетiп, елге келгенде редакция қаламгерлерiмен кездесiп, еркiн сұхбат құрғанына өз басым тiкелей куәсi болған едiм. Бұл ендi Ере-

Уәлиев. Әдiлдiкке жүгiндi, кадр тағайындауда әдiл төрешi болды. Бiрақ бәзiреулер секiлдi «сен туралы жақсы лебiз бiлдiрдiм» деп өз беделiн саудаға салудан бойын аулақ ұстады, – деген едi. Бұл айтылғандар ол кiсiнiң обкомның партиялық ұйымдастыру бөлiмiне басшылық жасаған кезеңiне қатысты болатын. Асылы, Нүрекен туралы айтқанда бiрқатар қаламдастарымыздың қаламына өзек болған мына оқиғаны оқырмандар есiне тағы сала кетудiң артықтығы жоқ қой деп ойлаймын. 1989 жылдың 2 ақпанында Қызылордада Арал проблемасы жөнiнде республикалық кеңес өтетiн болып, оған экология мәселелерiне қалам тартатын республикалық журналистерi, сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң бiрiншi



Бас редактор бұл тұрғыда байыпты көзқарас ұстанды, демократияның бұймен желінігендердің үстірт ойларына сақтықпен қарады. Шындығын айту керек, ұзақ жыл партия номенклатурасының үлкен сатыларында лауазымды қызметтер атқарған Нүрекеннің сол жылдары қоғамдық пікірде орныға бастаған «бюрократтық» дейтіннен болмысы таза еді.

кеңің Нүрекен деген сыйластығының бір белгісі еді. Нүрекен шынында түзу жолдың өзінде де әрбір қаламен абылай басатын, кез келген шешімді мың ойлаңып-толғап барып қабылдайтын басшы еді. Сол қасиеті үшін де ол Қызылорда облысының Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов сияқты бірінші хатшылары билік құрған кезде обкомның үш бірдей бөлімін басқарды. Ұқыптылығы, тиянақтылығы, тазалығы, азаматтығы – ол кісінің осындай биліктің жоғары сатысында ұзақ отыруына негіз қалады. Ал облыстық «Ленин жолы» газетінде бас редактор болуы обкомның бірінші хатшылары – Еркін Әуелбеков пен Сейітбек Шаухамановтың билік тұсына сәйкес келді. Олармен де қызметі түсіністік, сыйластық деңгейінде болғанын атап өткіміз келеді.

Нүрекеннің жылдық асында өзіміз куә болған мына жайғаты атап өткіміз келеді. Сейітбек Шаухаманов сол ас рәсімінде тоғилте, тебірене сөйледі. – Республикада аузына берік, сыр сактай білетін екі адам болса, соның бірі – Нұрділдә

хатшысы Г.Колбин, басқа да ресми адамдар ұшып келді. Үлкен алқалы жиында көрнекті ақын, Арал мен Балқаш және Қазақстан экологиясы жөнiндегi қоғамдық комитет төрағасы Мұхтар Шаханов көпшiлiктi дүрлiктiрген сенсациялық мәлiмдеме жасап: – Жұырда Арал проблемалары жөнiндегi қоғамдық комитетке бұрынғы КГБ полковнiгi, Ұлы Отан соғысының мүгедегi, тоғыз орденнiң кавалерi, Қызылорда облысының тұрғыны Байдырақман Салықовтан Арал қорына өз енебегiмен жиналған қаржыдан 100 мың сом аудару жөнiнде өтiнiш келiп түстi. Оның тiлегiне байланысты бұл ақшаға Арал қаласында пионерлер үйi салынатын болады. Бiз жерлестерiмiздiң тамаша патриоттық iсiн жоғары бағалаймыз, – дедi.

Мәжiлiске қатысушылар дүрiкiретiп қол соқты. 100000 сом! Бұл ақшаға сол кездегi нарықпен 20 «Жигули» сатып алуға болатын едi.

Бiрақ, қуанышты хабарды неге екенi белгiлiсiз Нүрекен газетке жариялауға асықпады. Бұл оқиғаның одан әрi өрбүй Остеп

Бендердің қулық-сұмдығынан да асып түсетін еді. Обком облыстық газетті, дәлірек айтсақ, «Ленин жолының» редакторына қысым жасай бастады. Бірақ Нүрекен барлық газеттер, оның ішінде облыстық «Путь Ленина» газеті Байдырақман ақсақалдың «ерлігін» жамырап жазып жатқанда міз бақпай сіресіп отырып алды. Сенсация дүмпуі алғашқы кезде соншалықты қыспаққа алса да, Нүрекеннің тартыншақтай бергенінің сыры неде? Демек, қолында бір дерек болғаны ғой.

Әріптесім Оразбек Мәсқұтұлына (марқұм) бұл туралы Нүрекен:

– Менде екіұдай мәлімет болған емес, – дейді. – 100000 сомның хабарын естігеннен санамда сенім мен күдік күресі арпалысып жатты. Ол кісімен сырттай ғана таныстығым бар. Мақтангерлік әңгімелерін естіп, ішімді тартып қалатынымын. СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Кирилленконың күйеу баласымын (әйелі орыс екені рас) дейді екен. Біреулерді ықтыру үшін Мәскеу жасты жағалап қайтатын... Қаншама ұсыныс болса да неге екенін білмеймін, жарқыратып жарнамалауға бүйрегім бұрмады. Ақыры алаяқтығы ошкерегенді ғой... – деген еді.

Енді мәселенің мән-жайына келейік. Алғаш дабыл қаққан КГБ-ның заңбастағы полковнигі Сергера Ізтілеуов болды. Зиялы зейнеткер Шнеліде тұрады екен. Ол обкомға, КГБ-ға жолдаған хатында Байдырақман Салықовтың қауіпсіздік органы қызметкері екендігіне күмән келтіреді, қалтасында соқыр тиыны жоғын жазыпты. Осыған орай тексеру жүргізіледі. Нәтижеде «кәсіби барлаушы» қадділігі көзбояушы болып шығады. КГБ «полковнигі», «миллионерді» ашкерелеуге сол кездегі Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің полковнигі Әмірхан Бәкірұлы ынты-шынтысымен кірісіп, оның құжаттары жалған екенін анықтады. Қысқасы, Байдырақман ақсақал жай ғана алаяқ болып шықты.

Жарайды, Байдырақман Остеп Бендер бола қойшыны. Сонда Нүрекеннің кім болғаны? Әулие, әлде көріпкел ме? Біздің пайымдауымызша, Нүрекенді жаңылыс, жаснақ бастырмаған интуиты. Қазақ ұғымыға салғанда нәзік сезімталдық. Ал бұл дегеннің кәнігі барлаушыға тән қасиет. Осыған қарап ол кісінің бойында біз білмейтін небір ғажайыптардың өз кезегін күтіп, сыртқа шыға алмай бұлқынып жатқанын байқаған болар едік.

Нүрекен досқа, жолдасқа берік адам. Әлдекімдердей тайқып шығу, бұрылып кетуге жоқ. Жастық шақта біреу өскен, қызмет катарлас Дәуірхан Айдаров, Ұзақ Еспанов, Хамит Ембергеров, Нұрмақ Тоқырмаев, Абдолла Дәулетов, Бекен Мұсаев, Шәкірәт Дәрғамағбетов, тағы басқалармен көп жыл сырлас болды. Ол кісі Абдолла, Ұзақ кездері жолдас болуға жарайтын, уәдеге берік жандар екенін жиі айтып отырушы еді. Алматыдағы ғалым Тотай Тұрлығұлов, Сәниолла Абдулпаттаев біреу оқыған, институтта бір түйір нанды бөліп жеген сырластары еді.

Н.Уәлиев өзі 60-жылдары бас редактордың орынбасары, кейін бас редактор болған «Сыр бойы» газеті тарихын зерттеп, Мәскеу, Ленинград мұрағаттарында тынымсыз еңбек етті. Одақ тарағанын кейін газеттің бұрынғы атауының қайта оралуына атсалысты. Алғашқы редактордың кім болғанын мұрағаттарды көз майын тауыса отырып іздеді.

Зейнетке шыққан Нүрекенмен қатынасымыз үзілмеді. Әділхан Бөйменов, Әскербек Рахымбеков, Аманжол Сақыпұлы секілді қаламгерлерді Нүрекен бауырындай көрді. Сәті келіп үйіне бара қалсақ, Гүлжамал жеметіміз: «Әлгі коньяқты қайда қойып едің?» деп біз білетін ұстамды, сабырлы деген Нүрекен жас баладай шыр-пыры шығып, бөйек болатын да қалатын.

Нүрекен туралы көп жазылды, әлі де жазыла беретініне күмәнiмiз жоқ. Ол кiсiмен бiрге бiздiң қайтып ораламайтын мұңсыз, бақытты жастық шағымыз, ешкiмге ұқсамайтын тектi болмысы, қайталанбайтын азаматтық тұлғасы келмесе кеттi. Бiз жастық шағымызды, Нүрекендi сағынамыз...

Жолдасбек АҚСАҚАЛҰОВ, Қазақстанның құрметті журналисі

Мнажадин Өтеев



2024 жылдың 1 қарашасы күні Қазалы ауданының Құрметті азаматы Мнажадин Сражадинұлы Өтеев дүниеден өтті.

М.Өтеев 1957 жылы 11 сәуірде Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Жаңақазалы поселкелік коммуналдық шаруашылық мекемесінде слесарь болып бастаған. Жамбыл жері және тамақ өнеркәсібі институтын бітірген.

Жаңақазалы поселкесіндегі «Трансельхозтехника» автобазасында, «Сельхозтехника» мекемесінде, Қазалы ауданына қарасты совхоздарда, аудандық салық инспекциясында, Ұлттық банктің Ленинск бөлімшесінде аға экономист, бас экономист, бас есепші, бас маман қызметтерін атқарған. 1996 жылдың ақпанында «Наурыз» ЖШС тізгінін өз қолына алған, 1999 жылдың желтоқсанынан бері «Сыр маржаны» ЖШС президенті ретінде ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Іскер азамат аудандық мәслихаттың III, IV, V, облыстық мәслихаттың VI, VII шақырылымдарының депутаты болып сайланған.

«Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы, Ауыл шаруашылығы саласының үздігі, Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты.

Ол басқарған «Сыр маржаны» ЖШС көптеген жетістікке жетіп, халықаралық өндіріс

көрмелеріне, «Парыз-2014» республикалық байқауына, «Үздік азық-түлік тауарлары» аумақтық көрмесіне, «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-конкурсына қатысқан. «Атамекен» ҰКП «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған байқауға қатысқаны, Қоғамдық-консультациялық кеңес пікірі бойынша жоғары кәсіби шеберлік көрсеткені үшін «Надежный бизнес-партнер» номинациясымен марапатталған. Серіктестікке екі жыл қатарынан Ұлттық бизнес-рейтинг орталығының жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес «Сала үздігі-2014», «Сала үздігі-2015» ұлттық сертификаттары табысталды. Сонымен қатар «Атамекен» ҰКП-ның «Іскер» аталымына лайық деп танылды.

Мнажадин Сражадинұлы ауыл шаруашылығы саласына білгір маманы, үлкен-кіші үлгі тұтатын іскер азамат еді. Ол өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты. Көптің ықыласына бөленген тұлғаны әріптестері құрметтеді, халық сыйлады.

Марқұмның жарқын бейнесі жұртшылықтың жадында ұзақ уақыт сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі және облыстық қоғамдық кеңес

«ЕҢ ҚИЫН СӘТТЕ КӨМЕККЕ КЕЛЕМІЗ»

Бақытжан Ықыласов – өз саласының білікті маманы. Қызылорда медициналық училищесін аяқтаған соң мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Сол кезеңнен 2014 жылға дейін Қызылорда қалалық жедел жәрдем станциясында еңбек етеді. Бүгінде «Апаттар медицинасы орталығы» Әйтеке би трассалық-медициналық құтқару пунктінде қызмет атқарып келеді.

Осы он жыл аралығында жылдың төрт мезгілінде жол бойынан түскен түрлі шақыртуға уақыт ұттырмай дер кезінде барып, көмек қолын созып жүр.

– Пункте бес адам жұмыс істейді. Жұмыс кестесіне келетін болсақ, 15 күн ауысыммен қызмет атқарамыз. Қызмет көрсету аймағы – «Самаралық Шымкент» трассасының 1472 шақырымы. Нақты атап айтар болсам, Қазалы ауданынан Қызылорда қаласына қарай 50 шақырым және Арал ауданына қарай 50 шақырым қашықтықта кез келген шақыруға барамыз. Апаттар медицинасын көбінесе жедел жәрдем деп шатастырғанды, бірақ, олай емес. Апаттар медицинасы дәрігері, ең алдымен ұйымдастырушы және үйлестіруші. Біздің бригада кез келген уақытта дайын тұ-

рады. Жұмыс барысында бойымыздағы барлық эмоцияны ұстай білуіміз керек. Өйткені жаракат алғандар арасында жас балалар, жүкті әйелдер және қарт адамдар болуы мүмкін. Солардың жағдайын бірінші орынға қойып, өмірін аман алып қалуға жұмыс жасаймыз. Бұл – біздің қағидамыз, – дейді ол өз сөзінде.

Бүгінде «Апаттар медицинасы орталығы» еліміздің барлық өңірінде жұмыс істейтінін біреу білсе, біреу біле бермес. Ал ондағы мамандар жауапкершілік жүгі оңай емес екенін жүрегімен ұғынып тұйсінеді. Кез келген жағдайға дайын болу үшін үнемі жаттығудан өтіп, біліктілігін арттырып отырады.

Сала мамандары жарылыс, апат немесе зиянды заттар мен газдан улану жағдайында алғы шепте жүреді. Мұндайда сабырлық танытып, шұғыл әрекет жасай білуі шарт. Себебі, мамандар кәсібилігіне көп нәрсе байланысты.

Иә, қай мамандықтың болсын өзіне тән қиыншылығы мен қызықшылығы болады. Антына адал азамат адам өміріне араша түскен сәттерінде өз жұмысына іштей риза болып, қашанда жолаушылар аمانдығын тілейді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

1-бет.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының ұжымы «Сыр Маржаны» ЖШС басшысы **Өтеев Мнажадин Сражадинұлының** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы, Өңірлік кәсіпкерлер кеңесі Қазалы аудандық мәслихат депутаты, кәсіпкер, Өңірлік кеңес мүшесі **Өтеев Мнажадин Сражадинұлының** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

/// МЕРЕЙ

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ БЕЛЕСІ



Қызылорда қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінің 60 жылдығы аясында өнер, білім, спорттық, танымдық бағытта түрлі іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылды.

Талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге қанат қақтырған білім ордасынан дарынды дарабоздар шыққан. Олар түрлі салада, еліміздің әр өңірінде еңбек етеді.

Мерейтой аясында мектеп-лицейде салтанатты жиын өтті. Оған облыстық білім басқармасының мамандары, сала ардагерлері, мектеп тұлғалары, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Алдымен ардагер ұстаз Бақыт Ерескенқызының «Алтын ұя мектебіме 60 жыл» кітабының тұсаукесері өтті. Мұнан соң тарихтан сыр шертетін музейдің ашылу рәсімі өтті, оның қорындағы құнды мәліметтер таныстырылды. Музейде Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы деректер, суреттері және алғашқы директор Қасымбек Ыбыраевтың бюсті қойылды. «Сан ұрпақтың бойында тамшы нәрі, білімнің Сәкен жакқан шамшырағы» атты фотокөрме жасалтылып, 60 жылдық тарих кезең-кезеңге бөлініп,

сыр шертілген. Оқу орнының тұлғалары, жетістікке жеткен шәкірттері туралы қабырға тақтасы ілінген.

Жиналғандар музейді аралап, танысып шықты. Одан әрі іс-шара Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайындағы мерекелік концертпен жалғасты. Концертте мектеп оқушыларының арнайы дайындаған қойылымы көпшіліктің көңілін шықты. Түлектер, эстрада әншісі Мәдина Сәдуақасова мен күйші Ерболат Мұстафаев жылы лебіздерін білдіріп, ұстаздарға алғыс айтты. Ардагерлер мектеп ұжымымен кездесіп, тағылым мол дүниелерін бөлісіп, еркін форматта ой орбitti.

Іргетасы сонау 1964 жылы қаланған білім ошағы осы уақытта ұрпақ тәрбиесі жолында өзіндік ізін қалыптастырды.

— Ақпан айынан бері қала деңгейінде түрлі тақырыпты қамтыған іс-шаралар өткізілді. Мектеп білім берудің озық

технологиясын меңгеріп, ілгерілеуде. 2013 жылдан бері акт зал, спорт зал, кітапхана секілді қосалқы кабинеттері бар қосымша корпус салынып, пайдалануға берілді. 2019 жылдан «Ақпараттық технология мектеп-лицейі» статусына ие болды. Материалдық-техникалық база 75 пайызға жаңарды. Мерейтой қарсаңында облыс әкімінің қолдауымен 300 орындық қосымша оқу корпусы мен 100 орындық асхана пайдалануға берілді. Осы мектептен түлеп ұшып, бүгінде абыройлы қызмет атқарып жүрген ел азаматтары демеушілік жасап, игі істер атқарды. Мәселен, «Асар» ЖШС директоры Қанағат Сақтағановтың демеушілігімен мектептің ескі шатыры толықтай жаңартылды. Мектеп түлегі, профессор Қылышбай Бисеновтің қолдауымен математика кабинеті жабдықталды. Ал «Интерстрой» ЖШС директоры Бақдәулет Ысқақовтың демеушілігімен мектептің сырты күрделі жөндеуден өтіп, ауласы абаттандырылды, — деді директор Алмат Рахметов.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// КӨРМЕ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКІСТАН

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің 85 жылдығына орай С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музей қорынан ұйымдастырылған «Тарихи терең Түркістан өлкесі» атты көрменің таныстырылымы өтті.

Көрмеге 80-нен астам жәдігер қойылып, «Түркістан өлкесінің археологиялық мұрасы», «Түркістан облысының қасиетті сәулет ескерткіштері», «Бес қару кешені», «Қазақтың зергерлік бұйымдары», «Қазақтың гобелен өнері», «Ағаштан ойылған ыдыс-аяқтар топтамасы» бойынша көпшілік назарына ұсынылды.

Оның ішінде Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан, Шойтөбе, Қарасантөбе, Отырар, Алтынтобе, Марданкүйік, Құйрықтөбе секілді ортағасыр қалаларының фотосуреті де таныстырылды. Қасиетті Түркістан облысы — құнды жәдігерлерге бай өлке. Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Ибрагим ата кесенесі, Қарашан ана, Бәйдібек Қарашаулы, Домалақ ана кесенелері — соның жарқын дәлелі.

Көрмеде музей қорындағы XVII-XIX ғасырларға тиесілі қару-жарақ түрлері көпшілікке ұсынылды. Сонымен қатар, құнды мұралардың бірі — Кенесары ханның қылышы жұртшылықтың қызығушылығын арттырды. Жәдігерлердің әрқайсысы қасиетті мұралар қатарына жатады.

Қазақ халқының зергерлік өнерінің ұлттық мәдениетімізде өзіндік орны бар. Зергерлер жасаған бұйымдар қатарына әйелдер әшекейі жатады. Көрмеде сырғалар мен шекеліктер, тұмарлар, бөйтұмарлар, таналар мен түймелер, белдіктер, білезіктер мен шапшаулар орын алған.

Қазақ гобелен өнерінің негізін салушы Батырбек Өтеп туындылары көрме көркін аша түсті. Ол — қолданбалы, оның ішінде тоқыма, гобелен саласындағы кәсіпқой суретші. Музей қорында шебердің бірқатар туындылары сақталуда. Суретші туындыларында халықтың тұрмыс-тіршілігі, Ұлы дала өркенінің көріністері бейнеленген.

Сонымен қатар көрмеге қазақ халқының көне мәдениетін жаңғыртып жүрген танымағаш ою шебері Якия Әуелбековтің туындылары қойылды. Якия Әлімбекұлы өз жұмыстарын жергілікті алма, алмұрт, жаңғақ, қарағаш сынды ағаштан жасайды.

Шеберлер туындылары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын таба бермек.

«СБ» ақпарат



Қазақстан World Boxing құрамына енді

Қазақстан бокс федерациясы ресми түрде World Boxing-тің толыққанды мүшесі атанды. Бұл туралы АҚШ-тың Колорадо-Спрингс қаласында өткен World Boxing халықаралық бокс федерациясының Конгресінде хабарланды. Еліміз аталған ұйымның қатарына қосылған 52-ші елге айналды.

Сондай-ақ World Boxing Олимпиадалық комиссиясының төрағасы Геннадий Головкин Конгресс қатысушылары алдында сөз алып, U19 жасөспірімдер арасындағы алғашқы Әлем чемпионатын және Конгресті ұйымдастырғаны үшін US Boxing ұйымына алғыс білдірді.

Конгресс барысында Қазақстанның бокс федерациясы Лос-Анджелестегі Олимпиада ойындарына іріктеу турнирі ретінде 2027 жылғы бокс бойынша Әлем чемпионатын өткізуге өтінім берді. Әлемдік ұйымның шешімі жақын арада белгілі болады.

Айта кетейік, World Boxing халықаралық бокс федерациясы 2023 жылдың сәуір айында құрылған.



Әлем чемпионатынан — 17 жұлде

Черногорияның Будва қаласында өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында қазақстандық боксшылар 17 медаль алды.

Әлемдік додада еліміздің ұлдар және қыздар құрамасы 6 алтын, 1 күміс, 9 қола медальға қол жеткізді.

Ел құрамасынан Бексұлтан Боранбек (51 келі), Төрехан Сабырхан (67 келі), Өнер Сейілхан (71 келі), Санжарәли Бегалиев (75 келі), Еляну Турганова (50 келі) және Аружан Зейноллаева (81 келі) жеңіс тұғырына көтерілді.

Ал күміс медаль Ұлдана Таубайға (66 келі) бұйырса, үздік үштікті Диас Берікбай (48 келі), Жансер Көшербаев (57 келі), Расул Асанханов (92 келі), Аслан Елдібайұлы (92 келіден жоғары), Әнел Абдрашова (48 келі), Бағжан Отынбай (52 келі), Толғанай Қасымхан (60 келі), Аружан Жанабаева (63 келі), Шұғыла Нәлібай (75 келі) және Панар Сейітханқызы (81 келіден жоғары) түйіндеді.

Олардың арасынан Төрехан Сабырханды ерекшелік айтуға болады. Биыл Париж Олимпиадасына баратын үміткерлер арасында оның да есімі аталған келі. Дегенмен ол жасына байланысты іріктеу кезеңіне қатысудан шет қалды.

Ол жастар мен жасөспірімдер арасында төрт мәрте Азия чемпионы атанған. Еліміздің жастар құрамасының капитаны міндетін атқарды. Жастар арасындағы Әлем чемпионатында Төрехан өзін жақсы қырынан таныта білді. Финалда кубалық Дэвид Мануэль Эспиноса Сантояны ойсырата жеңді. Оған дейін өзбекстандық Ақбар Ахмадов, черногориялық Милош Роганович пен ауғанстандық Самир Хамдамды тізе бүктірсе, жартылай финалда қытайлық боксшыны қапы қалдырды.

Футбол ардагеріне құрмет

Қызылордада «Қайсар» футбол клубының ардагері Сұлтан Әбеновті еске алуға арналған жасөспірімдер арасында республикалық турнир басталды.

Аталған іс-шараға облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айтекешов қатысты. Ол белгілі азаматтың өмірдегі ерекшеліктерін тоқталып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Екі күнге созылатын аладоп бәсекесінде 10 команда бақ сынасады.

«СБ» ақпарат

/// МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

ҚУЫРШАҚ ӨНЕРІНІҢ БАСТАУЫ



Күнделікті тіршілігі төрт түлікпен біте қайнасқан ата-бабаларымыз дала сазынан түрлі музыкалық аспаптар ойлап тапты. Қолданған әрбір бұйым, құрал-жабдық, кез келген тұтынған заты көшпелі өмір салтына қарай икемді, жеңіл әрі ыңғайлы етіп жасалды.

Қазақ халқына тән қуыршақ ойнау мәдениетінің тамыры тереңде жатыр және ол музыкамен тығыз байланысты. Ерте заманнан дала музыканттары ағаштан жан-жануарлардың мүсінін жонып алып, оларды жіппен өзінің саусағына байлап, домбыра тартатын. Сонда әлгі мүсін бойынша жан біткендей болып, билей жөнелетін. Бұл көшпенділердің алғашқы мобилді қуыршақ театры еді. Мұндай жылжымалы қуыршақ театры «Ортеке» деп аталады. Қойылымда пайдалану үшін, ағаштан көбіне таутекенің мүсінін жонатын болған. Ағаш текені кез келген ішекті аспаптың көмегімен билетуге болады. Қазақстандық орындаушылар, негізінен, домбыра мен шертерді пайдаланады.

Ел ішінде осы «Ортеке» қуыршақ күйінің шығуы туралы түрлі аңыздар бар. Солардың ішінде бір нұсқасына тоқталып өтсем. Бұл аңыздың астарында ұлттымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен өзара түсіністігі жатыр.

Ертеде мерген әрі домбыра шанағынан күй төккен күйші болған екен. Күндердің күнінде күйші аң аулап жүріп, тастың үстінен қызғылт күрән жүні күн нұрымен жалтырап, құлпырып тұрған тауешкінің маркасын көреді. Марканың тас үстінде буындары сыртылап, сылқылдап, ойнақ қағып, билеп тұрғанын көріп, қызыға қарайды. Табиғатқа деген мұндай ерекшелік көрген аңшы қорамсаққа салған қолын еріксіз кейін тартып, садағын мойнына іліп, кері қайтады. Ауылына келген соң сазгердің көңілін тербеген марканың қимылы домбыра шанағынан «Ортекенің ойнауы» атты күй болып төгіледі. Содан кейін күйші ағаштан ойып, өрнектеп

марка бейнесін жасайды да, көпшілік арасында шертеді. Марканың тірі бейнесін көргендей болған қалың қауым күйші шеберлігіне ерекше сүйсінеді. Ортекені ойнату осы кезден басталған деген аңыз бар.

Белгілі зерттеуші, ғалым, күйші Абдулхамит Райымбергеновтің айтуынша: «Бұрын бір мезетте үш ортекені — «ата ортеке», «әке ортеке», «бала ортекені» ойнатқан. Бір адам ең көп дегенде төрт ортекені саусағына ілінген жіптер арқылы басқарып, күй ырғағына билете алады» дейді.

Ал күйші, домбырашы Мұрат Өскенбаев «Сегіз лак» күйін тартқанда, сегіз текені тұғырға орнатпай-ақ жерге қойып ойнатқан екен. Сырт көзге қарапайым көрінгенмен, ортеке ойнаудың өзіндік техникасы бар. Ортекенің бірнешеуін ойнатқанда, олар бір-біріне келергі келтірмей, бір-біріне ұқсамайтын би қимылдарын жасауы керек.

2022 жылы Марокконың астанасында өткен ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитеттің 17-сессиясы барысында адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне «Қожанасырдың әзіл әңгімелері» мен «Ортеке биі» кірді.

Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорындағы ортекені ұлттық құндылықтарымыздың сақталуы жолында еңбек етіп жүрген жерлесіміз, колерен шебері, Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі Мұхтар Наурызбаев сый ретінде тапсырды. Биіктігі 62 см, диаметрі 32 см құрайтын ортеке қарағаштан жасалған. Қуыршақ ортекенің денесі 10 бөліктен тұрады. Олар: бас, кеуде, төрт жілік және төрт сирақ. Барлығы бөлек-бөлек жасалады. Ал бір-

бірімен қосқанда жеңіл қозғалатындай етіп бекітілген. Мүйіздері — семсер тәрізді сәнді де, өткір және жауынан қорғанатын қаруы. Әдетте саусаққа артық салмақ салмау үшін ағаштан жасалған ортеке бейнесінің салмағы 250-300 грамм нөңірегінде болуы тиіс. Одан асып кетсе шертушінің қолын талдырады. Ал жеңіл болса ортеке тұғырда қаңғалақтап, жақсы ойналмайды. Музей қорындағы ортеке қуыршағының көлемі 270 гр құрайды.

Ортекені ою-өрнекпен көмкерілген тұғырға орнатылып, жіптің бір басын домбырашының оң қолының саусақтарына байлап қояды. Күйші күйді тарта бастағанда, қуыршақ қозғалып, билей бастайды.

Үлкен сахналарға арналмағандықтан, көбіне шағын көрермен аудиториясына ұсынылады. Оны алғаш рет 1934 жылы Алматы қаласында өткен бүкілқазақстандық халық таланттарының слетінде «Ортеке» биін Ж.Оразалиев орындаған. Кейіннен «Мұрагер» республикалық фольклор сазды ансамблі 1984 жылдан бастап ел арасында насихаттай бастады. Бүгінде «Тұран» этноансамблі ортекені сахнаға алып шығып, билетіп жүр. Сондай-ақ ансамбль ортекені Венгрия, Қытай, АҚШ, Ресей, Франция, Испания, Түркия елдеріне таныстырып келеді. «Ортеке — қазақ қуыршақ өнерінің бастауы» деген белгілі ғалым Ахмет Жұбанов. Бүгінгі күні жастар арасында бұл өнерге қызығушылық мол. Ерте кезден қалыптасқан мәдениет бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқаны қуантады.

Зияда ШЕРІМБЕТОВА,
Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)

экономика — 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)

жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.